

6B01705 - ШЕТЕЛ ТІЛІ: ЕКІ ШЕТЕЛ ТІЛІ

Білім беру бағдарламасының мақсаты Шетел тілі мұғалімінің кәсіби міндеттерін шешуге қабілетті, практикалық дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері бар, екі шетел тілін жетік білетін жоғары білікті кадрларды даярлау.

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Қазақстан Республикасының әлемдік қоғамдастыққа кіруі, сондай-ақ саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жаһанданудың коммуникацияға әсері елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіндегі ағылшын тілінің рөлі мен орнын айқындауды және оның әртүрлі салалардағы жұмыс істеу проблемасын кешенді әзірлеуді талап етеді. Әсіресе шетел тілін білетін мамандар білім мен ғылым саласында қажет [1]. Осылайша, 6B01705-Шетел тілі: екі шетел тілі БББ бойынша жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлау қажеттілігі, жоғары әлеуметтік, азаматтық жауапкершілікке ие және халықаралық деңгейде шетел тілдерін меңгерген, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес шетел тілінде сөйлесе алатын оқушының жан-жақты дамыған тұлғасын тәрбиелейтін осы білім беру бағдарламасының **өзектілігін** көрсетеді,

сондай-ақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау кезінде осы БББ ерекшелігін, сондай-ақ осы саланың маманы иеленуі тиіс негізгі құзыреттерді ескеру қажет.

Нарықтағы сұранысы. Қоғамның және халықаралық байланыстардың прогрессивті дамуына байланысты шетел тілдерін білу қажет, яғни қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде жұмыс істеуді білетін шетел тілі мұғалімдерін практикалық даярлауға қажеттілік жоғары [2]. Осы мақсатта оқушыларға қажетті және талап етілетін білім бере алатын кәсіби білікті педагог-шетел тілдері мұғалімін оқыту және тәрбиелеу маңызды.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Силез университеті, Катовица, Польша.
----------------------	---------------------------------------

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Катовице қаласындағы Силезия университеті, Польша – 20% сәйкестік, Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті – 25% сәйкестік.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

Түлектің осындай ұйымдар мен мекемелерде жұмысқа орналасу үшін жақсы мүмкіндіктері бар:

- жалпы орта білім беретін және мамандандырылған мектептер, колледждер, гимназиялар, училищелер, білім бөлімдері;
- әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі ғылыми-зерттеу ұйымдары (институттары);
- қызметкер ретінде мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер (біліктілікті арттыру институттары);
- кеңес беру фирмалары, оқу орындары (әдістемелік кабинет меңгерушісі, тіл маманы және т.с.с.) және т. б.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B01705 – Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

1 кәсіби құзыреттілік саласы

білім берушілік

- Педагогиканы білу және мектептер мен колледждерде тіл үйретуге қабілетті болу.
- Өзінің кәсіби, ғылыми-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметін, сондай-ақ ұжым қызметін ұйымдастыруға және жоспарлауға қабілетті болу.
- Оқытудағы проблемалық жағдаяттарды шығармашылықпен шешуде пәндік білімді пайдалана білу.
- Сыни тұрғыдан ойлау, сын көзбен қарауға және өзін-өзі сынай білу.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

эксперименттік-зерттеу

- Топ құрамында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе білу.
- Пәнаралық топта жұмыс істей білу, басқа пәндік саладағы сарапшылармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

мәдениетаралық

- Тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынастың әртүрлі түрлерінде делдалдық қабілеті;

- Оқытылатын шетел тілі мен мәдениетінің мәселелерін сыни тұрғыдан талдай білу.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3- Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – Студенттер лингвистикалық құбылыстарды талдай біледі және түпнұсқалық мәтіндерді қайта баяндау, дәлелдеу жоспарын жасау дағдыларын меңгерген.

ОН 5 – Студенттер мәдениетаралық қарым-қатынас мән-мәтінінде оқытылатын тіл елдерінің мәдени және әлеуметтік шынайылығы жайында білімді қолданып, көркем шығармаларды талдаудың практикалық дағдыларын меңгерген.

ОН 6 – Студент ауызша және жазбаша мәлімдемені дұрыс құрастыру үшін қажет оқу кезеңіне сәйкес келетін тілдік бірліктерді сауатты қолдана отырып, екінші шетел тілін үйренуге дағдыланған.

ОН 7 – Студент кәсіби іс-әрекетті, соның ішінде педагогикалық қызметтің үдерісін жоспарлап, нәтижесін талдап, бағалай және реттей алады.

ОН 8 – Студент арнайы жалпы кәсіби, академиялық және іскерлік коммуникация деңгейінде шетел тілін меңгерген, сыни ойлауға және логикалық дұрыс пайымдауларды қалыптастыруға қабілетті.

ОН 9 – Шетел тілдерін оқытуда заманауи педагогикалық әдістер мен технологияларды, сонымен қатар мультимедиялық оқу құралдарын қолдана біледі.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9
ТА1		+					+		
ТА 2	+						+		
ТА 3	+			+		+			+
ТА 4			+		+	+		+	+
ТА 5		+	+	+			+		+
ТА 6			+		+				

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;
2. «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 28.01.2016 күнгі №90 және 12.10.2018 күнгі №563 бұйрықтарына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді).
3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде №28916 27 шілдеде 2022 жылы тіркелді.
4. Білім беру саласындағы студенттерге педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу бойынша «педагогикалық ғылымдар» үшін әдістемелік ұсыныстар. №125 бұйрығы 27.03.2023.
5. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде №31149 19 желтоқсанда 2022 жылы тіркелді.